

## Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда № 19679 болып тіркелді.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 28.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалар бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Ақша-кредит саясаты департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Е. Әбілқасымоваға жүктелсін.

6. Осы қаулы 2020 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 29 қарашадағы  
№ 229 қаулысына  
қосымша

## Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалар

### 1-тарау. Жалпы ережелер

#### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің және бейрезидент банктер филиалдарының (бұдан әрі – банк) ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

#### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ең төмен резервтік талаптарды айқындау кезеңі (бұдан әрі – айқындау кезеңі) – ең төмен резервтік талаптардың мөлшерін есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелері мен ең төмен резервтік талаптардың мөлшері есептелетін уақыт кезеңі;

2) ең төмен резервтік талаптар – резервтік активтерді қалыптастыру кезеңі ішінде банк резервтік активтерде қолдап тұратын құралдардың міндетті көлемі.

3) ең төмен резервтік талаптардың нормативі – ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелеріне қолданатын, пайызбен берілген коэффициент;

4) резервтік активтер – банктің ұлттық валютадағы ең төмен резервтік талаптарды орындау үшін пайдаланылатын ақшасы;

5) резервтік активтерді қалыптастыру кезеңі (бұдан әрі – қалыптастыру кезеңі) – банк ең төмен резервтік талаптарды орындау үшін резервтік активтерді қолдап тұратын уақыт кезеңі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

## **2-тарау. Банктің ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымы және ең төмен резервтік талаптарды есептеу тәртібі**

3. Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің құрылымы банктің ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы мынадай міндеттемелерінен тұрады:

міндеттемелердің бірінші санаты;

міндеттемелердің екінші санаты;

міндеттемелердің үшінші санаты.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Банктің ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелеріне негізгі борыш және сыйақы бойынша міндеттемелер, оның ішінде негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек (ол бар болса) жатады.

5. Айқындау кезеңі күнтізбелік жиырма сегіз күнді құрайды, айқындаудың жиырма сегіз күндік кезеңінің бірінші сейсенбісінен басталады және соңғы дүйсенбісімен аяқталады.

6. Ең төмен резервтік талаптардың нормативтері ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің әрбір санаты бойынша жеке белгіленеді.

7. Ең төмен резервтік талаптар көлемінің есебіне "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) баланстық шоттарында есепке алынатын банктің міндеттемелері қабылданады.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің әрбір санатына арналған ең төмен резервтік талаптардың көлемін айқындау кезінде банктің тиісті міндеттемелерінің айқындау кезеңіндегі орташа алынған шамасы (арифметикалық орташа мәні) есептеледі.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің бірінші санаты Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалған.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің екінші санаты Қағидаларға 2-қосымшаға және Қағидалардың 7-1-тармағына сәйкес айқындалған.

Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санаты Қағидаларға 3-қосымшаға және Қағидалардың 7-3-тармағына сәйкес айқындалған.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7-1. Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің екінші санаты кері репо операциялары бойынша және ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша банктің талаптарын ескере отырып, Қағидалардың 7-2-тармағына сәйкес айқындалатын репо операциялары бойынша түзету коэффициентіне көбейтілген репо операциялары бойынша банк міндеттемелерінің есептік сомасы (бұдан әрі – репо операциялары бойынша есептік сома) ретінде айқындалады.

Репо операциялары бойынша есептік сома айқындау кезеңіндегі орташа алынған банктің репо операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасы мен банктің кері репо операциялары бойынша және ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптарының сомасы арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

**Ескерту. Қағидалар 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7-2. Мәні үтірден кейін 2 (екі) белгіге дейінгі дәлдікпен 0-ден 1-ге дейінгі аралықта болатын түзету коэффициенті Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – ҚҚБ) ұлттық валютада жасалатын репо операциялары бойынша ашық позициялардың жалпы

көлемінде репо операциялары бойынша банктік емес сатып алушылардың күнделікті ашық позицияларының күнтізбелік жылдағы орташа үлес салмағы ретінде айқындалады. Репо операциялары бойынша банктік емес сатып алушыларға репо операцияларын өз атынан және меншікті активтер есебінен жасайтын банктер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, репо операциялары бойынша барлық сатып алушылар жатады.

Ұлттық валютадағы репо операциялары бойынша түзету коэффициентін ҚҚБ өткен күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша есептейді, ҚҚБ-ның ресми интернет-ресурсында ағымдағы жылғы бірінші айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланады және ағымдағы жылғы алғашқы айқындау кезеңінен бастап ағымдағы жылы қолданылады.

Шетел валютасындағы репо операциялары бойынша түзету коэффициенті 1-ге (бір) тең деп қабылданады.

**Ескерту. Қағидалар 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 7-т. қараңыз) қаулысымен.**

7-3. Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына мынадай шарттар сақталған кезде банк шығарған облигациялар бойынша банктің міндеттемелері жатады:

облигациялардың айналыс мерзімі – кемінде 3 (үш) жыл;

облигацияларды мерзімінен бұрын (толығымен) немесе ішінара өтеуге (сатып алуға) облигация ұстаушысының опционы жоқ;

облигациялар клиенттердің өтімділігін басқару үшін пайдаланылмайды, оның ішінде олардың эмитенті жекелеген ұстаушылардың бастамасы немесе сұратуы бойынша сатып алмайды;

облигациялар жекелеген клиенттердің қаражатын орналастыруға (мысалы, клиенттердің үлкен салымдары әкетілген кезде) балама ретінде пайдаланылмайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7-3-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Банк Қағидалардың 3-1-қосымшасына сәйкес банктің арнайы міндеттемелерінің құрамына енгізілген облигациялар туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жібереді, ол арқылы осындай облигациялар шығарылымының осы тармақта көрсетілген шарттарға сәйкестігін растайды. Хабарлама "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы жіберіледі.

Банктің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелері Хабарлама жіберілген күннен кейінгі айқындау кезеңінен бастап ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына енгізіледі.

Банк осы тармақта көрсетілген шартты (шарттарды) орындамаған жағдайда, Хабарламада жіберілген облигациялар бойынша міндеттемелер осындай орындамау анықталған айқындау кезеңінен бастап ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің бірінші санатына енгізіледі.

**Ескерту. Қағидалар 7-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің әрбір санаты үшін ең төмен резервтік талаптары, есептеу тәртібі Қағидалардың 7-тармағында айқындалған банк міндеттемелерінің әрбір санаты бойынша орташа алынған шамаларын міндеттемелердің тиісті санаттары бойынша ең төмен резервтік талаптардың нормативіне көбейту жолымен есептеледі.

9. Ең төмен резервтік талаптар ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің әрбір санаты бойынша ең төмен резервтік талаптардың көрсеткіштерін қосу жолымен есептеледі.

Мемлекеттік қолдау қаражаты міндеттемелерінде ескерілген банктер үшін ең төмен резервтік талаптар қайтарылуға тиіс мемлекеттік қолдау қаражаты сомасының (айқындау кезеңінің соңғы күніндегі жағдай бойынша сыйақыны есептемегенде негізгі борыш сомасы) 10 (он) пайызы болатын шамаға ұлғайтылады.

Қағидалардың мақсаты үшін мемлекеттік қолдау қаражаты деп банктің қаржылық орнықтылығын және (немесе) қалыпқа келтірілуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражатын пайдалана отырып 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін орналастырылған, сатып алынған немесе банкке берілген және салымдардың, облигациялардың, қарыздардың (бұдан әрі – борыштық құралдар) пайыздық мөлшерлемесін, сомасын, түрін және (немесе) мерзімін өзгертуді қоса алғанда, олар бойынша міндеттемелердің шарттарын бастапқы танудан және (немесе) өзгертуден түсетін табысы бар борыштық құралдар бойынша банктің міндеттемелері түсініледі.

Мемлекеттік қолдау қаражатына мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражатын, оның ішінде квазимемлекеттік сектордың субъектілері арқылы экономиканың әртүрлі салаларындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және (немесе) ипотекалық кредиттеу және (немесе) ипотекалық тұрғын үй

қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру мақсатында пайдалана отырып орналастырылған, сатып алынған немесе банкке берілген борыштық құралдар бойынша банктің міндеттемелері енгізілмейді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Ең төмен резервтік талаптар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынылатын мынадай күнделікті және ай сайынғы есептер:

1) "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 88 қаулысымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37562 болып тіркелген) бекітілген екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының есептілікті ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – №88 қағидалар) 1-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп;

2) №88 қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес банк қызметінің жекелеген көрсеткіштері туралы есеп негізінде есептеледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

**3-тарау. Ең төмен резервтік талаптарды орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі**

11. Банктің ең төмен резервтік талаптарды орындауы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган банктік операцияларды жүргізуге лицензия берген күннен бастап жүзеге асырылады және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айырған күні тоқтатылады.

12. Қалыптастыру кезеңі күнтізбелік жиырма сегіз күнді құрайды, айқындау кезеңі аяқталғаннан кейінгі аптаның бірінші сейсенбісінен басталады және қалыптастырудың жиырма сегіз күндік кезеңінің соңғы дүйсенбісімен аяқталады.

13. Ең төмен резервтік талаптарды орындау үшін банк қалыптастыру кезеңінде қаражатты ұлттық валютада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотта және қолма-қол ақша түрінде банк кассасында резервтейді.

Банктің резервтік активтері Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есеп негізінде айқындалады және қалыптастыру кезеңінде:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі банктің корреспонденттік шотындағы ұлттық валютамен орташа мәнінің қалдықтары;

2) тиісті айқындау кезеңіндегі ең төмен резервтік талаптардың 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын көлемде банктің кассасындағы ұлттық валютамен қолма-қол ақшаның орташа мәнінің сомалары ретінде есептеледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Қалыптастыру кезеңіндегі резервтік активтердің орташа шамасы осы кезең үшін есептелген ең төмен резервтік талаптардың мөлшерінен төмен болады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Ең төменгі резервтік талаптарды орындау мәртебесі банк Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген қалыптастыру кезеңінің соңғы жұмыс күні үшін есепті ұсынғаннан кейін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы банк ұсынған деректер негізінде қалыптастыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі жетінші жұмыс күні Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ең төмен резервтік талаптардың орындалуы туралы ақпаратты қалыптастыру арқылы ең төмен резервтік талаптардың орындалуын бақылайды.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**17. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.01.2022 № 2 (алғашқы**

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қағидаларды 4 және 5-тараулармен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Ең төмен резервтік  
талаптар туралы қағидаларға  
1-қосымша

**Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын  
банк міндеттемелерінің бірінші санаты**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

<b>Баланстық шоттың нөмірі</b>	<b>Баланстық шоттың аты</b>
2014	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары
2064	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2066	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2067	Алынған қаржы лизингі
2068	Қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2144	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары
2147	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2201	Мемлекеттік бюджеттің ақшасы
2202	Кастодиандық шарттардың талаптарына сәйкес клиенттердің ақшасын есепке алуға арналған ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдық
2203	Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары
2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
2205	Жеке тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары

2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері
2211	Заңды тұлғалардың талап етілгенге дейінгі салымдары
2212	Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы металл шоттары
2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2216	Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан асатын)
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2222	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары
2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
2224	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2225	Клиенттермен басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2227	Жалдау бойынша міндеттемелер
2228	Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар
2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан асатын)
2230	Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешек
2231	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2237	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шоты
2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы

2242	Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде көрсетілетін қаржы қызметтерін реттеу бойынша " Астана" халықаралық қаржы орталығы комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, банктер ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар
2243	Клиенттердің жинақ салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2245	Инвестициялық депозиттер
2301	Айналысқа шығарылған облигациялар
2303	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар
2306	Сатып алынған бағалы қағаздар
2401	Өтеу мерзімі бес жылдан аз реттелген борыш
2402	Өтеу мерзімі бес жылдан астам реттелген борыш
2405	Сатып алынған реттелген облигациялар
2406	Реттелген облигациялар
2552	Клиенттермен есеп айырысу
2706	Қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген шығыс
2717	Клиенттердің аффинирленген бағалы металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыс
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыс
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыс
2720	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыс
2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс
2722	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша есептелген шығыс
2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыс
2724	Клиенттердің жинақ салымдары бойынша есептелген шығыс
2727	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыс
2728	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыс
2729	Инвестициялық депозиттер бойынша кірістің бір бөлігін төлеу жөніндегі міндеттемелер
2730	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыс
2731	Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыс

2740	Реттелген борыш бойынша есептелген шығыс
2741	Алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
2742	Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2743	Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2744	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2745	Жалдау міндеттемелері бойынша есептелген пайыздық шығыс
2746	Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2747	Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы
2748	Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы
2755	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыс
2756	Реттелген облигациялар бойынша есептелген шығыс
2855	Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша кредиторлар
2865	Шығарылған электрондық акша бойынша міндеттемелер
2866	Клиенттің мәмілелері бойынша міндеттемелер
2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер
2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер
2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер
2894	Спот операциялары бойынша міндеттемелер
2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
2899	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша міндеттемелер

Ескертпе:

1) 2202, 2203, 2210, 2222, 2225, 2227, 2237, 2245, 2722, 2727, 2729, 2731, 2741, 2742, 2743, 2745, 2746, 2747, 2749, 2755, 2855, 2865, 2866, 2891, 2892, 2893, 2894, 2895 және 2899-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелерден Қазақстан Республикасының басқа резидент банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, шетелдік орталық банк, халықаралық қаржы ұйымы алдындағы міндеттемелер алып тасталады;

2) 2212, 2216 және 2717-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелер шетел валютасындағы міндеттемелерге жатады;

3) 2301, 2306, 2405 және 2406-баланстық шоттарда көрсетілген міндеттемелерден Қағидалардың 7-3-тармағына сәйкес ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін

қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына жатқызылған міндеттемелер және Қағидалардың 9-тармағының үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес мемлекеттік қолдау қаражаты сомасының міндеттемелері (сыйақыны есептемегенде негізгі борыш) алып тасталады.

Ең төмен резервтік  
талаптар туралы қағидаларға  
2-қосымша

**Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің екінші санаты**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Баланстық шоттың нөмірі	Баланстық шоттың аты
1. Репо операциялары бойынша міндеттемелер	
2255	Бағалы қағаздармен репо операциялары
2256	Кері репо операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме
2257	Кері репо операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме
2725	Бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша есептелген шығыс
2. Кері репо операциялары бойынша талаптар	
1461	Бағалы қағаздармен кері репо операциялары
1748	Бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша есептелген кіріс
3. Ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптар	
1101	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар (бір түнге)
1102	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі талап етілгенге дейінгі салымдар
1103	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі мерзімді салымдар
1201	Әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1251	Басқа банктерде орналастырылған (бір түнге) салымдар
1252	Басқа банктерде орналастырылған талап етілгенге дейінгі салымдар
1253	Басқа банктерде орналастырылған қысқа мерзімді (бір айға дейінгі) салымдар
1258	Басқа банктерде орналастырылған жинақ салымдар (бір айдан аспайтын)

1301	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт қарыздары
1302	Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді қарыздар
1303	Басқа банктерге берілген овернайт қарыздары
1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
1891	Фьючерс операциялары бойынша талаптар
1892	Форвард операциялары бойынша талаптар
1894	Спот операциялары бойынша талаптар
1895	Своп операциялары бойынша талаптар

Ескертпе:

1) репо операциялары бойынша міндеттемелерден Қазақстан Республикасының басқа резидент банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, шетелдік орталық банк, халықаралық қаржы ұйымы алдындағы міндеттемелер алып тасталады;

2) 1201, 1452 және 1481-баланстық шоттарда көрсетілген ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары ғана енгізіледі;

3) 1891, 1892, 1894 және 1895-баланстық шоттарда көрсетілген ақша нарығының банкаралық операциялары бойынша талаптарға Қазақстан Республикасының басқа резидент банкіне, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, шетелдік орталық банкке, халықаралық қаржы ұйымына қойылатын талаптар ғана енгізіледі;

4) ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің екінші санаты Қағидалардың 7-1-тармағына сәйкес есептеледі.

Ең төмен резервтік  
талаптар туралы қағидаларға  
3-қосымша

**Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санаты**

**Ескерту. 3-қосымша жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Баланстық шоттың нөмірі	Баланстық шоттың аты
2301	Айналысқа шығарылған облигациялар
2306	Сатып алынған бағалы қағаздар
2405	Сатып алынған реттелген облигациялар
2406	Реттелген облигациялар

Ескертпе: ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына жатқызу Қағидалардың 7-3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ең төмен резервтік  
талаптар туралы қағидаларға  
3-1-қосымша

### Банк міндеттемелерінің үшінші санатына енгізілген облигациялар туралы хабарлама

Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы хабарламамен банк \_\_\_\_\_ (банктің атауы), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) \_\_\_\_\_ (бұдан әрі – Банк) міндеттемелері ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелердің үшінші санатына жататын облигацияларды шығару шарттары туралы хабарлайды және олардың "Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысымен бекітілген Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидалардың 7-3-тармағының талаптарына сәйкестігін растайды.

1. Ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын банк міндеттемелерінің үшінші санатына енгізілген облигацияларды шығару шарттары:

Эмиссияның халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) \_\_\_\_\_.

Шығарылымның тіркелген күні \_\_\_\_\_.

Айналыстың басталу күні \_\_\_\_\_.

Өтеу күні \_\_\_\_\_.

Айналыс мерзімі \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ ай.

Эмиссия валютасы \_\_\_\_\_.

Шығарылымның көлемі \_\_\_\_\_ эмиссия валютасының бірліктері.

Облигациялар бойынша негізгі борыштың қалдығы (банк сатып алған облигацияларды шегергенде) \_\_\_\_\_ теңге (есепті күн \_\_\_\_\_).

Банк сатып алған облигациялардың көлемі \_\_\_\_\_ теңге (есепті күн \_\_\_\_\_)

облигациялар бойынша негізгі борыш \_\_\_\_\_,

сатып алынған облигациялар \_\_\_\_\_

есепке алынатын баланстық шоттардың нөмірлері.

Сыйақы мөлшерлемесі \_\_\_\_\_ жылдық пайыз.

Опциондардың болуы: ( ) Иә ( ) Жоқ.

Опционның шарттары (эмиссия проспектісінде көрсетілген мәліметтер) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (эмиссия проспектісінің \_\_ бетінде көрсетілген).

Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_.

...

2. Облигациялар эмиссиясының проспектісі жарияланды (сілтеме көрсетілсін) \_\_\_\_\_.

3. Осы хабарламамен хабарламаның 1-тармағында көрсетілген облигациялар үшін мыналарды растаймыз:

1) облигациялардың айналыс мерзімі – кемінде 3 (үш) жыл;

2) облигацияларды мерзімінен бұрын (толығымен) немесе ішінара өтеуге (сатып алуға) облигация ұстаушының опционы жоқ;

3) Банк клиенттердің өтімділігін басқару үшін облигацияларды пайдаланбайды, оның ішінде оларды жекелеген облигация ұстаушылардың бастамасы немесе сұрау салуы бойынша сатып алмайды;

4) Банк облигацияларды жекелеген клиенттердің қаражатын орналастыруға балама ретінде пайдаланбайды (мысалы, клиенттердің ірі салымдары әкетілген кезде).

Банк хабарламаның 3-тармағында көрсетілген (көрсетілген) шартты (шарттарды) орындамаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген облигацияларды сыныптау осындай орындамау анықталған ең төмен резервтік талаптарды айқындау кезеңінен бастап ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын Банктің стандартты міндеттемелері үшін белгіленген нормативтер бойынша жүргізіледі.

Хабарлама күні \_\_\_\_\_

Банктің бірінші басшысының қолы \_\_\_\_\_

Ең төмен резервтік  
талаптар туралы қағидаларға  
3-2-қосымша

## Банктің резервтік активтері

**Ескерту. Қағидалар 3-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Баланстық шоттың нөмірі	Баланстық шоттың аты
Корреспонденттік шот	
1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
Қолма-қол ақша	
1001	Кассадағы қолма-қол ақша
1002	Жолдағы банкноттар және монеталар
1004	Кешкі кассадағы қолма-қол ақша

Ескертпе: банктің резервтік активтеріне Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы талаптар ғана жатады.

Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларға  
4-қосымша

### Ең төмен резервтік талаптарды (бұдан әрі – ЕРТ) орындау туралы ақпарат

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 44 (қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЕРТ айқындау кезеңі: \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығы

Резервтік активтерді қалыптастыру кезеңі: \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығы

БСН \_\_\_\_\_

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Репо операциялары бойынша түзету коэффициенті:

ұлттық валютада \_\_\_\_\_

шетел валютасында \_\_\_\_\_

1-кесте. ЕРТ есебіне қабылданатын банк міндеттемелерінің мөлшері туралы күн сайынғы деректер (мың теңгемен)

ЕРТ айқындау кезеңі		Ұлттық валютадағы				
Күні	Датасы	Міндеттемелердің бірінші санаты	Міндеттемелердің екінші санаты			Міндеттемелердің үшінші санаты
			репо операциялары бойынша міндеттемелер	кері репо операциялары бойынша талаптар	ақша нарығындағы банкаралық операциялар бойынша талаптар	
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11						
12						



5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			
21			
22			
23			
24			
25			
26			
27			
28			
Орташа алынған мәні			

Ескертпе: демалыс және мереке күндері үшін алдыңғы жұмыс күнінің мәндері толтырылады.

### 3-кесте. ЕРТ есептеу

Жолдың коды	Жолдың аты	Міндеттемелер бойынша орташа мән (мың теңгемен)	ЕРТ нормативі	ЕРТ (мың теңгемен)
1	2	3	4	5
1	Ұлттық валютадағы міндеттемелердің бірінші санаты			
2	Ұлттық валютадағы міндеттемелердің екінші санаты			
3	Ұлттық валютадағы міндеттемелердің үшінші санаты			
4	Ш е т е л валютасындағы			

	міндеттемелердің бірінші санаты			
5	Ш е т е л валютасындағы міндеттемелердің екінші санаты			
6	Ш е т е л валютасындағы міндеттемелердің үшінші санаты			
7	Мемлекеттік қолдау қаражаты (сыйақыны есептемегенде негізгі борыш) сомасының ___ (___) пайызы	x	x	
8	Жиыны ЕРТ	x	x	

Ескертпе: 7-жол Қағидалардың 9-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес есептеледі.

#### 4-кесте. Резервтік активтерді есептеу

Жолдың коды	Жолдың аты	Сомасы (мың теңгемен)
1	2	3
1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттағы ұлттық валютадағы ақша қалдығының орташа алынған мәні	
2	Банк кассасындағы айқындау кезеңіндегі ЕРТ-нің 25 (жиырма бес) пайызынан аспайтын көлемдегі ұлттық валютадағы қолма-қол ақшаның орташа алынған мәні	
3	Резервтік активтер	

Банктің ең төмен резервтік талаптарды орындауы:

( ) Иә ( ) Жоқ

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Қағидаларды 5-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Қағидаларды 6-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 7-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 8-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 9-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 10-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 31.03.2026 № 30 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 29 қарашадағы  
№ 229 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. "Банктердің ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын қоса алғанда, ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың нормативтерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10776 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Банктердің есеп айырысу үшін қабылдайтын міндеттемелерінің құрылымын, ең төменгі резервтік талаптарды орындау шарттарын, резервке қою тәртібін қоса алғанда, ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 12 қазандағы № 180 қаулысы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12354 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Банктердің есеп айырысу үшін қабылдайтын міндеттемелерінің құрылымын, ең төменгі резервтік талаптарды орындау шарттарын, резервке қою тәртібін қоса алғанда, ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 52 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13081 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Банктердің ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын қоса алғанда, ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың нормативтерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 247 қаулысы (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16259 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

5. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 157 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 157 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17559 болып тіркелген, 2018 жылғы 22 қазанда Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

6. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 159 қаулысымен бекітілген өзгерістер енгізілетін есептілікті ұсыну мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1-тармағы (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17391 болып тіркелген, 2018 жылғы 2 қазанда Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. "Банктердің ең төмен резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданатын міндеттемелерінің құрылымын қоса алғанда, ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды, ең төмен резервтік талаптарды есептеу, ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін орындау, ең төмен резервтік талаптарды резервтеу және олардың нормативтерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 117 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19001 болып тіркелген, 2019 жылғы 19 шілдеде Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК